

Екіншөк негізгі мектебі
Железин ауданы
Кітапхана жұмысы туралы есеп

Кітапхана – оқушылардың сапалы білімінің кепілі. Мектеп кітапханасы шәкірттерге сапалы білім беруде, тәрбиелі шараларды өткізуде мұғалімдердің бірден – бір серігіне айналған.

Кітапханадағы жалпы кітаптар қоры - 1928
соның ішінде мектеп оқулықтары - 622
соның ішінде жаңа буын оқулықтар - 78
электронды оқулықтар - 52

Кітапхана мерзімді басылымдармен қамтамасыз ету жүйелі жүргізіледі. Оқушылар кітапханаға жиі келеді, әсіресе төменгі сынып оқушылары. Мұғалімдерде оқушыларда сабаққа тиісті энциклопедиялар мен анықтамалар қолданып отырады. Айына бір рет жүргізілетін "Кітапқа жедел жәрдем" жұмыстары жүргізіледі.

Оқушылар шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануға көп ықпал тигізді. 5-9 сыныптар мектепшілік, аудандық «Туған өлке» газеттеріне өз мақалаларын, шығарған тапқартарын жіберіп отырды.

Олар кітапханада тігіліп отырады

Әр сынып қарттар, ұстаздар, және күзгі бал т.б. мерекелерге қойылым қойды осыған орай олар кітапханадан көптеген материалдар алып өз өнерлерін көрсетті.

Кітапхана жүйесінің «Оқуға құштар Қазақстан» бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылына «Бір ел- бір кітап» акциясы аясында

өлеңдер кітабы мен шығармашылығын насихаттауға арналған жұмыс жоспар жасалды.

Жаңа оқу жылының басынан мектеп оқушыларының оқырмандық мәдениетін дамытып, кітап оқуға тарту мақсатында біршама іс- шаралар атқарылды. Ең алдымен кітап көрмелеріне, әдеби қаралымдарға, тақырыптық сөрелерге көп көңіл бөлінді.

Әр түрлі тренинг сабақтар өткізіледі. Соған материалдар алынат.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспарымен

«Досыңа кітап сыйла» челленджі ұйымдастырылды, «Кітапханаға кітап сыйла!»

акциясы, кітапханаға саяхат, «Кітап оқу – жақсы әдет» кітап апталығы, «Кітапханадағы отбасылық оқу» сайыс, «Әже даналығы» кеңесімен «Әжемнің ертегісі» атты кездесу өтті

Мақсаты: оқушыларға ертегі әлемі ертегілердің түрлері туралы түсінік беру. Лияс

Жансүгіров «Қазақ поэзиясының құлагері» атты шығармашылықпен танысу

ұйымдастырылды, «Менің сүйікті кітабым: Абай сурет әлемінде» бастауыш сынып сурет

салуға қатысты. Облыстық «Әбіш оқулары» байқауының жүлдегері 9 сынып оқушысы

Серікбаева Назерке 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Аудандық «Строки из золотой и

серебряной дали» байқауында «Поэзия – язык души» номинациясы бойынша 1 дәрежелі

диплом иегері Серікбаева Аружан марапатталды. Осы өткізілген іс-шараларға оқушылар мен


пән мұғалімдер кітапханадан керек кітаптарын алып қатысты. Біздің мектеп көпеген т.б

байқауларға қатысты.

Оқулықтар тазалығын тексеру, рейд жүргізіліп отырды. Мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерінің жаңа басылымға жазылуына бақылау жасалды.

Келген баспа тігіліп, керек материалдар сұрау бойынша берілді.

Әр сыныпқа керекті оқулықтарға тапсырыс беріліп отырады.

Кітапханашы:  Махметова Б.Ш.